

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсан N 1863.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.

Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Тауарларды декларациялау және оларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 ақпандағы N 129 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 5, 56-құжат):

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"Тауарларды өткізу тәртібі" деген 2-бөлімнің 2.1-тармағының жетінші абзацы алынып тасталсын;

"Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 302-құжат):

6-тармақ алынып тасталсын;

7 және 8-тармақтардағы "(мемлекеттік кәсіпорындардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

7, 8, 9, 10-тармақтар тиісінше 6, 7, 8, 9-тармақтар болып есептелсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен бірлесе отырып (келісім бойынша) биржалық тауарларды сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге "Тауарлар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 Заң күші бар Жарлығын орындауы тұрғысынан жүйелі түрде тексеру жүргізіп отырсын.

3. Осы қаулы 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК